

**Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі мен Қазақ ССР-нің  
Агроөнеркәсіп кешені жүйесі үйлестіру кеңесінің ережелерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1991 жылғы 23-тамыз N 485.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.05.10. N  
631 қаулысымен.

Қазақ ССР Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі ұсынып,  
республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен  
келісілген, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі  
мен Қазақ ССР-нің Агроөнеркәсіп кешені жүйесі үйлестіру кеңесінің  
осыған қосылған ережелері бекітілсін.

Қазақ ССР  
Премьер-министрі

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің  
1991 жылғы 23-тамыздағы N485  
қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және  
азық-түлік министрлігі туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі  
агроөнеркәсіп өндірісін дамыту мен халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді  
мемлекеттік басқарудың республикалық органы болып табылады және ол Қазақ  
ССР Министрлер Кабинетінің құрамына кіреді.

2. Министрлік өз қызметін Қазақ ССР Заңдарына, Қазақ ССР Жоғарғы  
Советінің өзге де шешімдеріне, Қазақ ССР Президентінің жарлықтарына, Қазақ  
ССР Үкіметінің, Қазақ ССР-нің Агроөнеркәсіп кешені жүйесі үйлестіру кеңесінің  
шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады және қарамағындағы бірлестіктердің,

ассоциациялардың, концерндердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ ауыл шаруашылық кооперативтерінің, шаруа қожалықтарының және олардың одақтарының қазіргі заңдарды дұрыс қолдануын бақылауды қамтамасыз етеді.

3. Министрлік дамып келе жатқан нарықтық қатынастармен басқарудың экономикалық әдістері жағдайында республиканың халқын тамақ өнімдерімен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қанағаттандыру, ауыл шаруашылық шикізаттары мен оларды ұқсатудан алынған өнімдерді беріп тұрудың облыстық, республикааралық, одақтық шарттық міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру мақсатында мыналарды қамтамасыз етеді:

одақтық, республикалық қорларға және жергілікті тұтынуға ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен беріп тұруды ынталандырудың кешенді шараларын жүзеге асырады;

дайындау ұйымдарымен бірлесе отырып сатып алудың негізгі принциптерін әзірлейді, мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның немесе тұтынушыларға азық-түлік пен ауыл шаруашылық шикізатын міндетті түрде беріп тұру мен өткізудің өзге де формаларының орындалуын бақылайды;

агроөнеркәсіп кешенінің әлеуметтік және өндірістік дамуының мемлекеттік бағдарламаларын жасап, жүзеге асырады, ағымдарға талдау жасайды, Министрлік жүйесіндегі салалардың даму келешегін болжамдап, анықтайды;

селодағы экономикалық қатынастарды жетілдіреді;

меншіктің және шаруашылықты жүргізудің әр алуан формаларын, кәсіпорындар мен мекемелерді мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге, нарықтық инфрақұрылымды және нарықтық үлгідегі ұйымдық, құрылымдарды дамытуға жәрдемдеседі;

агроөнеркәсіп кешенінде бәсекелестік пен кәсіпкерлік жағдайын ынталандырады;

ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын түзу механизмін жасайды;

өндірістік және әлеуметтік даму бағдарламасына сәйкес жүйенің кәсіпорындары мен ұйымдарын қаржыландыруды және ұтымды түрде кредиттеуді ұйымдастырады;

бухгалтерлік есеп пен есеп беруді және бақылау-тексеру жұмыстарын ұйымдастырып, жетілдіреді;

тұтынушылардың тракторлар, комбайндар, автомобильдер, жабдықтар, ауыл шаруашылық машиналары, отын және басқа материалдық ресурстарға деген қажетін болжамдауды жабдықтау органдарымен бірлесіп әзірлейді;

ауыл шаруашылығының техникалық-энергетикалық саясатын және оның сервистік қызмет көрсетуін анықтау жұмысын үйлестіреді;

тиімді технологиялық, техникалық және инвестициялық саясат жүргізеді; білікті кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастырады,

оқу орындарына басшылық етеді;

ғылыми-техникалық прогресті насихаттайды және оның жеделдетілуін ынталандырады, ғылым, техника жетістіктері мен озық тәжірибенің енгізілуін қамтамасыз етеді;

өндірістік және әлеуметтік мақсаттағы объектілерді жобалау мен салуда бірыңғай техникалық саясатты үйлестіреді;

жерді мелиорациялауда және ішкі шаруашылық суландыру жүйелерін пайдалануда тиімді саясатты жүзеге асырады;

ауыл шаруашылық дақылдарының, мал мен құстың селекциясы және тұқым өсіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

агроөнеркәсіп кешені жүйесінде жерді пайдалану және жерге орналастыру негіздерін жетілдіреді;

Министрліктің ауыл шаруашылығы және ұқсатушы салаларының өнімін сараптауды, оның сапасын, өсімдік карантинін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, малдәрігерлік және тұқымдық қадағалауды, сондай-ақ машиналар мен жабдықтарды, кешенді мелиорациялық құрылыстың техникалық жағдайын, еңбекті қорғау ережелері мен техника қауіпсіздігін қадағалауды қамтамасыз етеді ;

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, бірлестіктердің, кооперативтердің, шаруа қожалықтары мен жалгерлер ұйымдарының мүдделері мен праволарын қорғайды ;

карамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және агроөнеркәсіп құрамаларының өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметін реттейтін заң актілерін сақтауын бақылауды ұйымдастырады;

ауыл шаруашылық өнімдерінің сыртқы және ішкі нарқын зерттейді, шетелдермен сыртқы экономикалық байланысты дамытады.

4. Министрлік өз жұмысын республиканың агроөнеркәсіп кешеніне кіретін министрліктерімен және ведомстволарымен, сондай-ақ Қазақ ССР Шаруалар одағымен, Қазақ ССР Колхоздар кеңесімен, Шаруа қожалықтары ассоциациясымен, Қазақстанның жалгерлерімен, ауыл шаруашылық кооперативтерімен және Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясымен тығыз байланысып жүзеге асырады.

5. Министрлік негізгі міндеттеріне сүйеніп:

ауыл шаруашылық өнімдерінің облыстар бойынша орналастырылуын болжамдап, контракт шарттары жасалуын ұйымдастырады, бүкілодақтық және республикалық қор мен жергілікті тұтынуға өнім беріліп тұруын қамтамсыз етеді ;

ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындау, оның сапасын жақсартып , ысырабын қысқартуды ынталандыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

нарықты, нарықтық инфрақұрылымды реттеудің механизмін және ауыл шаруашылығы салаларында барлық товар өндірушілер үшін тең экономикалық жағдай жасауға жәрдемдеседі;

нарық конъюнктурасы жайында уақтылы әрі дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етеді, экономиканың аграрлық секторында бәсекелестік пен кәсіпкерліктің дамытылуын ынталандырады;

азық-түлікпен қамтамасыз ету, шикізат, материалдық-техникалық және қаржы ресурстарының балансын жасайды;

ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жолдарын белгілеп, ғылым мен техникалық жетістіктерін өндіріске енгізуді ынталандырады;

азық-түлікті молайту бағдарламасын жасап, республиканың әр бір аймағының өндірістік потенциалы мен мүмкіндіктері ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

ауыл шаруашылығының мұқтаждары үшін орталықтандырылып бөлінетін материалдық-техникалық ресурстар лимиттерінің қорын иеленуші болып табылады;

шаруашылық жүргізудің көнукладтылығын, меншіктің, әр түрлі формаларын (кооператив, жалгерлік, шаруалық және нарық үлгісіндегі басқа да құрылымдарды) дамытуды мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады;

мелиорацияны дамытудың бас схемалакөпукладтылығынрының негізінде мелиорациялық құрылыстың күрделі қаржы және құрылыс-монтаж жұмыстарының лимиттерін, суландыратын жерлерді іске қосудың, оны кешенді түрде қайта құру көлемін анықтайды;

өндіріс пен қаржы мәселелері жөніндегі қажетті құжаттарды, стандарттарды, нормалар мен нормативтерді әзірлеуге, жетілдіруге және агроөнеркәсіп өндірісін осылармен қамтамасыз етуге қатысады;

бюджеттен бөлінген қаржыларды пайдалану бағыттарына сәйкес қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер арасында бөледі;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың келісуімен сақтық қорын, қаржы резервін және қорлар құрайды;

жиынтық бухгалтерлік есептерді жасайды және оларды тиісті органдарға табыс етеді;

республикада жерлердің мелиорациялану жай-күйін және суландырылған жерлердің тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

баға түзуді жетілдіру шараларын әзірлейді және салааралық айырбастың эквиваленттілігін және ауыл шаруашылығының өнімдері мен оған беріліп тұратын материалдық-техникалық ресурстардың бағасы тең болуын бақылауды жүзеге асырады;

жерді пайдалану мен жерге орналастыру, мелиорациялау және химияландыру , тұқым шаруашылығы мен көшеттік шаруашылығы, сорт сынау, тұқым асылдандыру ісі, қорғаныш ормандарын жасау саласында бірыңғай мемлекеттік с а я с а т ж ү р г і з е д і ;

малдәрігерлік, карантиндік, праволық және басқа мемлекеттік қызметтер ж ұ м ы с ы н ү й л е с т і р е д і ;

меншіктің барлық формаларындағы ауыл шаруашылық өндірісінде механизацияны, энергетиканы, транспорт пен байланысты дамыту жөнінде техникалық саясатты жүзеге асырады;

село тұрғындарын әлеуметтік қорғау, агроөнеркәсіп өндірісінде еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі шараларын әзірлеп, жүзеге асырады;

инвестиция саясатын, өндірістік, мелиоративтік және әлеуметтік объектілерді жобалауға ғылыми және методикалық басшылық етуді жүзеге асырады, типтік және эксперименттік құрылыстардың жобасын бекітуді сараптап, бекітеді;

кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді бірыңғай мемлекеттік талаптар негізінде оқу орындарына методикалық басшылықты, басқару лауазымдарын алмастырудың тиімді механизмдерін п ы с ы қ т а у д ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

жергілікті жерлерде қажетті ұйымдастырушылық, экономикалық және п р а в о л ы қ к ө м е к к ө р с е т е д і ;

кәсіпорындарды ғылыми, жобалау, жобалау-технологиялық және карамағындағы басқа да мекемелер мен ұйымдарды белгіленген тәртіппен құру, қайта ұйымдастыру, тарату және беру мәселелерін шешеді;

ассоциациялардың, кәсіпорындардың, соның ішінде шетел фирмаларының қатысуымен құрылатын бірлескен кәсіпорындардың құрылтайшысы болады;

экспорт квоталарын белгілеу мен бөлу және экспортқа шығарылатын өнімдерге лицензия беру жұмыстарына қатысады;

агроөнеркәсіп кешені жүйесіндегі кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіреді;

Министрлікке жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті есептік деректерді статистика органдарынан, сондай-ақ Қазақ ССР статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген тәртіппен тиісті министрліктер мен ведомстволардан алады;

агроөнеркәсіп кешенінің арнайы валюта қорын қалыптастыру мен п а й д а л а н у ғ а қ а т ы с а д ы ;

Министрлік жүйесінде заң актілерінің орындалуын бақылауды ұйымдастырады, оларды жетілдіру жөнінде белгіленген тәртіппен Қазақ ССР Министрлер Кабинетіне ұсыныстар әзірлеп, енгізеді;

Министрлік жүйесінде мобилизация және азаматтық қорғаныс жұмыстарын

қ а м т а м а с ы з

е т е д і ;

функциялық міндеттерін орындауы үшін Министрліктің жұмысшы аппаратын өндірістік-шаруашылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз е т у д і ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

6. Министрлікті министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғары Советі бекітеді.

Министрдің Қазақ ССР Министрлер Кабинеті тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарлары арасында міндет бөлуді Министр жүргізеді.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрі Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауап береді, Министрдің орынбасарларының және министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының Министрлік қызметінің жекелеген салаларына басшылық, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың жұмысы үшін жауапкершілік деңгейін белгілейді.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі өз құзыры шегінде Министрлік жүйесіне кіретін барлық кәсіпорындар, бірлестіктер, ұйымдар мен мекемелер орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар шығарып, тапсырмалар береді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі қажет болған жағдайда республиканың басқа министрліктерімен, ведомстволарымен бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

9. Министрлікте құрамына Министр (коллегия төрағасы) және Министрдің лауазым бойынша орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері кіретін коллегия құрылады Министрліктің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Кабинеті бекітеді.

Министрлік коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде экономикалық қатынастарды қайта құру, ауыл шаруашылық өндірісімен ұқсатушы салаларды дамыту, жұмыс стилі мен әдістерін ұйымдастыру, кадрларды іріктеу, орналастыру мәселелерін, Министрліктің қызметіне жататын басқа да мәселелерді қарайды.

Министр мен коллегия арасында келіспеушілік болған жағдайда Министр пайда болған келіспеушілік жайында Қазақ ССР Министрлер Кабинетіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері өз кезегінде пікірін республика Министрлер Кабинетіне хабарлай алады.

10. Министрліктің орталық аппараты қызметкерлерінің санын, оны ұстауға жұмсалатын шығынды Қазақ ССР Министрлер Кабинеті бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының құрылымын Министр бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерін Министр

шаруашылық есепке көшіруі мүмкін.

11. Министрлік құрамында кәсіпорындар, бірлестіктер, концерндер, кооперативтер, колхоздар, шаруа қожалықтары және жалгерлік коллективтер арасындағы шаруашылық дауларын шешу үшін арбитраж болады.

12. Министрліктің Қазақ ССР Мемлекеттік герб бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.